

Р.С.Каренов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: rkarenov@inbox.ru)*

Илияс Есенберлин — қазақтың арғы тарихын алғаш қопара жазған дәуір суреткері

Туғанына 100 жыл толуына орай

Мақалада Илияс Есенберлиннің XV ғасырдан бастап XIX ғасырдың ортасына дейінгі кезеңде қазақ даласында болып өткен оқиғаларды қамтитын «Көшпенділер» тарихи трилогиясын құрған «Хан Кене» (Қаһар) (1969), «Алмас қылыш» (1971) және «Жанталас» (1973) секілді танымал романдарына басты назар аударылған. Қазақ халқының қалыптасуы барысы, оның Жоңғариямен, Қытаймен, Хиуамен, Бұхарамен, Ресей империясымен күрделі өзара қарым-қатынастары суреттелген. «Көшпенділердің» Қазақстанда басылып шыққанынан кейін, аталмыш трилогия бүкілодақтық аудиторияның басты назарына айналғандығы көрсетілген. 80-ші жылдардың басында І.Есенберлиннің қазақ ұлттық бастауы жайлы әңгімелейтін және үш романнан тұратын «Алтын Орда» трилогиясын жазғандығы туралы айтылған. Үздік қылқалам шеберінің қазақ даласының біртұтас және шыннайы тарихи суретін беруде, сондай-ақ кеңес идеологиясының темір құрсаулы қатаң талаптарына қарамастан, көптеген тарихи тұлғалар мен оқиғаларды әділ бағалауда Қазақстанның кәсіпқой тарихшыларын басып озғаны және бұл абыройлы іс болғандығы туралы қорытынды жасалған.

Кілт сөздер: тарих, тақырып, триология, көшпенділер, бейнелері, мемлекет, халық, тәуелсіздік, күрес-тартыс, көтеріліс, тарихи концепция.

Кіріспе

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасында жастардың жүрегіне намыс отын жаққан, жалындаған рухына май құйған ресми саясат тықпалаған Павлик Морозовтың ерлігі емес, Ұлы Отан соғысындағы қазақтардың қаһармандығы, Бауыржанның жасындай жарқылдаған өрлігі, композитор Шәмші Қалдаяқовтың жүрек қылын шертетін патриоттық әндерімен қатар, жазушы Илияс Есенберлиннің дара шығармалары, Кенесары-Наурызбай, Шұбыртпалы Ағыбай, Жеке батыр, Таймас, Жанайдар, Мәнжі, Бұқарбай сияқты батырлардың ерліктері еді. Бодандыққа мойын ұсынбай, ондаған жылдар бойы қаһарлы күрес жүргізген хан Кененің ардақты есімін «Алашта Кенекеме ер жетпейді» деп жырлаған XX ғасырдың басындағы Мағжан Жұмабаевтан кейін халқымен қайта қауыштырған І.Есенберлин болды.

Ілекең 60 жасқа толғанда «Жұлдыз» журналының қызметкері (Ш.Сариевпен) ұзақ әңгімелесіп мынадай қызықты деректер ұсынған еді: «Мен әдебиет атты киелі шаңырақтың есігін өлең-жырмен қаққан адаммын. Сол шаңырақтың табалдырығын аттап, ішке ендірген де — поэзия.

Прозаға 1961 жылдан бастап көштім. Осы жылы «Өзен жағасында» атты ең алғашқы повесім жарық көрді. Бұл өзімді-өзім байқау, сынау кезеңі ғана болып қойған жоқ, сонымен бірге прозаның ыстығы мен суығына төзуге, ащысы мен тәттісінің дәмін татуға, батыл-батыл кадам жасауға жол ашты...

«Өлең жазудан қол үзбесем бе екен, әлде прозаға біржола ден қойсам ба екен?» деген сияқты сезім арпалысын жеңіп берген 1964 жылы жарыққа шыққан «Толқиды Есіл» атты повесім еді.

Қазақ әдебиетінің түп негізі қадым ғасырлар түрік қағанаттары дәуіріне тірелетіні бүгінгі білімдар оқушы қауымға мәлім. Сөз өнерін ерекше қастерлеген, өз кезеңіне сай біршама мәдениеті болған, сонымен бірге төл жазуы болған ата-бабаларымыз VII–VIII ғасырлардың өзінде әдебиетіміздің басы саналатын «Орхон-Енисей жазулары» атты мәңгі өлмес мұра қалдырғанын бүгінгі ғалымдар дәлелдеп көз жеткізгені анық. Ал, енді дербес қазақ атымен аталатын әдебиетіміздің өмір сүруі XV ғасырдың орта шені десек, оған себепкер болған жай 1454 жылы Шу бойында Қазақ хандығының құрылуы екен, осының нәтижесінде қазақ халқының аренаға шығуы екен. Міне, осы тарихи датадан бастап бүгінгі өмірімізге дейінгі аралыққа оймен көз жіберсек, туған халқымыздың тарихы көркем әдебиетімізде, оның ішінде проза тілінде бейнеленіп, көрініс тапқанынан гөрі, қамтылмағаны, айтылмағаны, сөз болмағаны соншама ұланғайыр көп екендігі назар аудартады.

Ғасырлар, жылдар өткен сайын өзінің уақытысында, дер кезінде айтылып қалмаған өмір шындықтары түрлі өзгерістерге ұшырап кей ақиқаттардың бұрмалануы да ықтимал. Соған орай ат басын сонау арыға бұрмай-ақ, ел болып етек жапқан шағымыздың өзі тілге тиек болу үшін қаншама уақытты қажетсінер еді. Қалайда осы бір ұшан-теңіз ғұлама тарихымызды азда болса, әдебиетімізде көрсетіп қалу, кейінгі ұрпаққа мұра ету — менің жазушылық арманым болатын-ды» [1].

Сонымен, жасынан Кенесары-Наурызбай туралы жырлар мен дастандарды, аңыздарды жаттап өскен І.Есенберлин ақыры тарихи тақырыпқа құлаш ұрып, 1969 жылы «Қаһар», 1971 жылы «Алмас қылыш», 1973 жылы «Жанталас» романдарын жазды. Бұл романдар XV ғасырдан XIX ғасырдың ортасына дейінгі қазақ тарихы суреттелген «Көшпенділер» трилогиясына біріктірілді. Сөз болған тақырыптар: қазақ халқының қалыптасуы; Қазақ хандығының Жоңғар хандығымен арпалысы; Қытай, Хиуа, Бұхара, Ресей империясы секілді көршілерімен аумалы-төкпелі қарым-қатынастары. Кейінірек (1982–1983 жж.) І.Есенберлин «Алтын Орда» трилогиясын жазды. Жазушының бұл кітаптары көптеген тілдерге аударылып, миллиондаған таралыммен шықты. Есенберлиннің тарихи романдары Қазақстан мәдениетінде ерекше орын алды.

«Алмас қылыш» — «Көшпенділер» трилогиясының бірінші кітабы

Ілияс Есенберлин «Көшпенділердің» жарық көруі үшін арыстанша арпалысты: С.Имашевпен, З.Қамалиденовпен, одан қалса, Орталық Комитеттің шенеуніктерімен қаншама рет бет жыртысты десеніңші?! Нәтижесінде, «Көшпенділер» оқырманның қолына дер кезінде, дәл мезгілінде жетті. Шығарма оқырманның қолына кешікпей, кешеуілдемей, дер кезінде жетуге тиіс. Сонда оның пайдалы әсер коэффициенті де орасан жоғары болады.

Міне, Ілекеңнің осы жанкешті тірлігін қалай ерлік деп бағаламасқа?! Қалай ерлік деп танымасқа?!

«Көшпенділерде» көптеген тарихи дерек пен аңыз-әңгімені — көшпелі елдің көркем шежіресін, эпостық мәнерлеу, баяндау дәстүрін қазіргі әдебиеттің өрнектеу, суреттеу тәсілімен шебер қиыстырған қаламгер өзіндік сипаты бар роман түрін жасап шықты. Әсіресе «Алмас қылыш» пен «Жанталастың» оқиға-деректері мен сюжеттік бұлақтарының көпшілігі соншама, олардың әрқайсысында талай романның өзегі жатыр.

Трилогияның бірінші кітабындағы Жәнібек, Керей, Қасым және Әбілқайыр хандардың бейнелері арқылы билік құрушы топ өкілдерінің қоғам мен саясат хақындағы өзі түсініктері, тұжырымды ой-пікірлері баяндалады. Әлемді тітіреткен Дешті Қыпшақтың Әбілқайыр ханның (XV ғ.) кезінде ішкі-сыртқы күштердің әсерінен әлсіреп, ыдырай бастаған кезі көрсетіледі. Оның іштей ыдырап жеке хандықтарға бөліне бастаған алмағайып шағы «Алмас қылышта» қым-қуыт оқиғалар тізбегі арқылы суреттеледі.

Автор қазақтардың жеке мемлекет шаңырағын көтеруі тарихи қажеттіліктен туғанын реалистік шындыққа негізделген сурет салу жолымен көрсетуге тырысқан [2; 3]:

– Әбілқайыр ханның жексұрын hareketтері өзіне көрініп, Қазақ мемлекетін құруға беттегендердің ынта-жігерін қайрай түседі. Тәуелсіз Қазақ хандығын құру толғағын күшейтеді.

– Әбілқайыр ханның азғыруымен Қарақыпшақ Қобыланды батыр Арғын тайпасынан шыққан Ақжол биді (Дайырқожаны) өлтіріп тынады. Ел бүлінеді.

– Ақжол бидің жетісін бергеннен кейін Керей мен Жәнібек сұлтандар хан сарайына келіп, Қобыландының басын бересің деген үзілді-кесілді талап қояды. Әбілқайыр хан бұл ұсынысты қолдамайды.

– Қос сұлтан: бұзақыңды қимайды екенсің, олай болса, біз кеттік деп мәлімдейді. Арғын, Тарақты, Керей, Найман, Қоңырат, Уақ рулары Жәнібек пен Керейге еріп, Моғолстанға қарай қопарыла көтеріледі. Бұл көш жай көш емес, Көк Ордадан ірге аударудың бастамасы еді. Нәтижесінде, қазақ елі дербес мемлекет шаңырағын көтереді.

Мемлекет құру оңай мәселе емес. Сондықтан да алғаш Керей, Жәнібек хандары бас болып шаңырақ көтерген Қазақ хандығы да оңай бой түзеп кете алған жоқ. Өздеріне ерген елдің іргесі бекіп, өрісі кеңеюі үшін Керей мен Жәнібек сұлтандарға талай азулы ел билеушілермен ырғасып, жаға жыртысуға тура келді. Орта Азияның ұланғайыр жерін тоқымдай тілгілеп, жеке-жеке иемденген шағын хандықтармен алысу, көшпелі алтындай біресе ол жағына, біресе бұл жағына ауысқан көне қалалар мен шұрайлы жерлер елді талай сынға салып, тезден өткізді. Сондықтан да «Алмас қылыштағы» оқиғалар желісі тым қою, сюжеттік желісі шытырманды, бұралаңы көп. Алма-кезек ауысқан хан-сұлтандар, олардың арасындағы қым-қуыт соғыстар қаншама. Тарихи зерттеу архивтік

мәлімет, жазба құжат шежірелік деректермен салыстыра қарағанда, автордың көптеген оқиғаларды іріктеп, Әбілқайыр, Керей, Жәнібек, Бұрындық, Қасым сұлтандар айналасына топтастыра жинақтауға тырысқанын байқаймыз [3].

Қорытындылап айтсақ, «Алмас қылышта» қазақ халқының халық ретінде ұйысуға қам жасап, бір замандарда Шыңғыс хан құрған алып империяның сілемдері Ақ орда, Көк Орда сияқты құрылымдардан тәуелсіздік алуға ұмтылуы, сөйтіп, өз алдына ел болу жолындағы тағдыры сөз болған.

«Жанталас» — «Көшпенділер» трилогиясының екінші кітабы

«Алмас қылыш» романы мен «Жанталас» романының ширек бөлігі алғашқы қазақ хандығының қандай ғаламат күрес-тартыста құрылғанын суреттейді.

«Көшпенділердің» екінші кітабы «Жанталаста» XVII–XVIII ғасырлардағы Қытай, Жоңғар феодалдық агрессияшыл мемлекеттерінің қазақ еліне жасаған қысым-қыспағы, қанды жорықтары баяндалады. Бұқар жыраудың ішкі монологы арқылы жоңғар басқыншыларының қылышынан қазақ елінің бестен үш бөлігі қырылғаны баян етіледі. Қытай, Жоңғар мемлекеттерінің Канси, Сыбан Раптан, Қалден Церен, Церен Доржи, тағы басқа соғыс құмар билеушілерінің жүргізген саясаттары, қатыгез, қаражүрек іс-әрекеттері көркемдікпен қысынды көрсетіледі. Абылай хан, Бұқар жырау, Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай бастаған қазақтың данышпан перзенттерінің күрделі тағдыры сенімді суреттеледі. Қазақ халқының шетел басқыншыларына қарсы күресі, «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» аталған трагедиясы тарихи деректер негізінде көркем сөзбен келісті кестеленеді.

«Жанталас» романында Әбілқайыр мен Абылай хандар психологиялық жақтан ұштасып барып, екі тармаққа бұрылады. Жазушы Әбілқайыр тұлғасы жайлы таласпікірдің ұшығын тарихи себептермен орайластыра дұрыс шешем шығарады. Әбілқайыр да, Абылай да хандық билікті қолдан шығарғысы келмейді. Алайда Жоңғар мен Қытай шапқыншыларының бұғауынан құтылудың бір-ақ шешімі бар. Әбілқайырдың аузына: «Түбі еліміздің де, келешек ұрпақтардың да көзі «жетер, әрекетімізді ақтар, бізге қалған жалғыз жол — ол Россияның қол астына ену», — деп сөз салады. Сондықтан да роман авторы белгілі себептермен Әбілқайыр ханның өзге қазақ басшыларымен ақылдаспай, жоңғарлармен соғысты тоқтатуын айта келген тұста мірдің оғындай тілін беземейді. Әбілқайыр хан батыс жаққа «үміттеніп қарады». Ресей патшасының тағына отырған «Анна Иоановна Әбілқайыр ханның бір мың жеті жүз отызыншы жылы наурыздың сегізінші күні «қорғандық» істеуін өтінген қағазына жауап ретінде, қырғыз-қайсақ жұртын қарамағына алғандығын білдіріп, бір мың жеті жүз отыз бірінші жылы ақпанның он тоғызыншы күні Указ шығарды» деген сияқты қоңырқай стильге көшіп күмілжиді. Дегенмен, автор өзі іш тартатын кейіпкері — Бұқар жырауға сөз бергенде, елдің Ресейге бодандыққа бет алғанына байланысты уайымын ашық сездіреді [2; 3].

Қазақ халқының соңғы рет басын құрап, жоңғар, қытай басқыншыларына тойтарыс берген кезеңінің шежіресі және сол тарихи дәуір оқиғасының басында тұрған Абылайдың билік кезеңі «Жанталастың» үшінші бөлімінде баяндалады.

Шапқыншылық емес, негізгі мақсат басқыншылықтан қорғану болып келетін дәуір бейнесі жасалған «Жанталас» романында Абылай әр қырынан суреттеледі. Сан түрлі мінез, қасиетімен көрініс табады.

Романның «Жанталас» аталуы да сондықтан. Романның бас кейіпкері — осы жанталас кезеңінде елге бас болған Абылай. Ұлы ханның тарихи тұлғасын сұңғыла сана, тұңғыық ойдың икемімен елдің есіне түсіріп, коммунистік көзқарас, партиялық саясат құрсауы қамаулап тұрған заманның өзінде халыққа танытқан Ілияс Есенберлин болды [4].

Рас, халық аузында көп айтылып келген Абылай хан есімі, өкінішке орай, кеңестік кезең тарихында қайшылықты тұлға ретінде бағаланып ел санасынан шығарылды.

«Қаһар» — «Көшпенділер» трилогиясының үшінші кітабы

Ілияс Есенберлин тудырған тарихи шығармалардың танымдық-тәрбиелік қуатының күштілігі мен көркем шығарма ретіндегі эстетикалық пәрменінің қуаттылығы ерекше болса, бұл сипат алғаш дүниеге келген «Қаһар» романының өзінде-ақ айрықша мол болды. «Қаһардың» алғашқы аты «Кенесары» екенін біреу білсе, біреу біле бермейді. Цензурадан өткізу үшін жұмсартқандағы түрі — «Қаһар». Жазушы осы романы арқылы тарихи тақырыпты игеру жөніндегі батыл жаңашылдық көрсетті.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Қ.Алпысбаевтың пайымдауынша, автордың алғашқы кітаптан басталмай («Алмас қылыш» романы), трилогиясының соңғы бөлігі «Қаһардан» бастауында мынадай себептер болған сияқты [5].

Біріншіден, суреттеліп отырған кезең біздің дәуірімізге біртабан болса да жақын, тарих тасасына дидарын жасырып үлгермеген.

Екіншіден, ел ішінде ізін суытпай аңызға айналып, халық жадында жатталып, жазылып қалған тарихи оқиға мен нақты адамдар тағдыры авторды қызықтырған. Сондықтан Ілекең соны жазуды дйттеген.

Үшіншіден, Кенесары Наурызбай қозғалысы жайында жазылған еңбектерді саяси орын түгел отқа жаға алған жоқ. Яғни қолына түсіп, жинақталған материалдар жазушыны шабыттандыра түскені шындық.

І.Есенберлин өз романында баяндағандай, ұлт-азаттық күресті табысты жүргізу үшін Кенесары Қасымұлы бір орталықтан басқарылатын хандық құрды. Ханның жанынан жоғары кеңесші орган — өзіне барынша адал берілген батырлардан, билерден, сұлтандар мен жақын туыстарынан тұратын арнайы Кеңес құрылды. Кенесары хандықты өзінің сенімді адамдары — жасауылдар арқылы басқарды. Жасауылдар сот ісімен, шаруашылық мәселелерімен, дипломатиялық жұмыстармен, алым-салық жинаумен және әскери істермен айналысты. Жасауылдар сонымен қатар орталық өкімет билігі берген нұсқаулардың мұқият орындалуын, мал жайылымдарының дұрыс бөлініп, тиімді пайдаланылуын бақылады, халықтың көңіл-күйін де қадағалады. Хан билігі қызметінің онды нәтижелері ретінде оның қол астындағы халық арасында алауыздық пен барымта алу жойылды. Кенесары хан идеясы — Кенесары хан билік құрған қазақ қоғамында дін, сауда айналымы, шаруашылық, тәртіптілік, зиялылар кеңесі тікелей ұлт мүддесіне қызмет етуге бағытталды [6].

Бір ғана Ақмола бекінісін алу оқиғасы арқылы Кенесары Қасымұлының асқақ бейнесін көруге болады. 1838 жылдың 7 тамызында Кене ханның Ақмола бекінісін өртеп, патшаның отаршыл саясатының пәрменін қайтарған тарихи күн. Ілияс Есенберлиннің «Қаһар» тарихи романындағы Ақмола бекінісін алған тарихи оқиғаны зерделей отырып, қазақ батырларының тұлғалық бейнесінен тағылым аламыз. Зиялылықтың жібін жалғаған талантты жазушы қамалға кірген Басықара батыры оққа ұшқан сәттегі Кене ханның «Тастамандар Басықара батырды жау қолына!» деген жан айқайын, жау қамалына жеке кетіп шауып бара жатқан Кенесарыны көргенде өзгелері де орындарында тұра алмады» [7] деген жолдардан батырлық рухты көреміз.

Ақмола бекінісін алған күн қазақ тарихында мәңгі қалды. Кене хан еліне сүйенді, елі Кенені отаршылық бұғауынан азат етуші хан ретінде қабылдады.

Мұхтар Әуезовтің «Хан Кене» пьесасы 1934 жылы Қазақ мемлекеттік драма театрында бір-ақ рет қойылып, аяғы үлкен дауға айналып, сахнадан алынып, солақай саяси сындардың астында қалғаны белгілі. Бұл еңбек кейіннен араға жарты ғасырдай уақыт салып барып, жазушының жиырма томдық шығармалар жинағының 14-ші томында алғаш рет жарияланды.

1952 жылы білгір тарихшы Е.Бекмаханов Кенесары бастаған ұлт-азаттық тарихын жазғаны үшін 25 жылға сотталды. Ермұхан Бекмахановтың еңбегі соғыстан кейінгі Қазақстандағы екінші толқын саяси қудалаулардың басты объектісіне, негізгі себептерінің біріне айналып, аяғы қазақ зиялыларын жаппай қуғынға ұшыратқан саяси науқанға ұласты.

«Қаһар» романы басылып шыққанда халықтың ұлттық сана-сезімі біршама өсіп қалғандықтан да мұндай сорақылықтар бола қойған жоқ. Дегенмен, оның авторы І.Есенберлин де көптеген саяси айыптаулардың астында қалған болатын. Халық оң-солын танып, ұлттық рухы күшейе түскен «кемелденген социализм» кезінде отызыншы, елуінші жылдардағыдай саяси қудалауларға жол беріле қойған жоқ [8].

Жалпы алғанда, І.Есенберлиннің «Қаһар» романы — қазақ халқының азаттық жолындағы күрес шежіресіне қосылған, оның Кенесары қозғалысы сияқты аса ірі кезеңінің ішкі сырларын көркем түсінуге көмектесетін елеулі тарихи шығарма. «Қаһар» қазақтың қойын кітабына айналды.

«Алтын Орда» трилогиясы — ерекше назар аударатын жазушының кесек туындыларының бірі

Қазақ хандығы Сақтар мен ғұндардан бастау алып, түбі түркілерді тектейді. Арғы атасы — Шыңғыс хан, әлемді уысында ұстаған әйгілі Алтын Орда. Әкесі — Жәнібек пен Керей. Тарихымыз тым әріде.

Осыны алға тартқан Ілияс Есенберлин трилогияның (эпопеяның) бірінші кітабында Алтын Орданың дағдарысты кезеңдерін суреттейді. Мысалы: «...Жаңа ғасыр, он төртінші ғасыр басталғанда, Шыңғыс ханның төрт баласынан кейін бүкіл дүниені тітіреткен немере-шөберелері — Бату, Мөңке, Құбылай, Құлағу, Орда, Қайду, бәрі тегіс өліп, бір кездегі Шыңғыс ханның ұлы иелігі — Алтын Орда, Қытай империясы, Иран илхандығы, Орта Азия — Жағатай ұлысы боп төртке бөлініп, бұдан да әрі қарай бөлшектену немере-шөберелерден туған келесі ұрпақтардың еншісіне қалған» [9].

Трилогияның екінші кітабында Ақ Орда, Алтын Орда төңірегіндегі оқиғалар әңгіме болады. Монғол билеушілері қазақ руларын ұлыстарға бөледі. Соның негізінде Дешті Қыпшақта қазақ елі деген жаңа ұғым қалыптасады. Ақ Орда мен Алтын Орданың қуатты мемлекетке айналуында экономикалық фактордың рөлін көрсетуге көңіл бөлінген. Екінші кітаптағы хандар да Шыңғыс хан салған жолды басшылыққа алады: «Алтын Орда шу дегеннен-ақ қиянаттан туған мемлекет болатын. Ол өмір бойы сол қиянаттың үстемдік етіп жүргізіп келген. Ал сол қиянаттың орындаушысы атам заманнан әскері болған.

Шыңғысхан бұл әскерін жан аямас қатыгездікке, темір тәртіпке үйреткен. Әлемді тек осындай ешкімді аяуды білмейтін жауынгерлермен жаулап алам деп ойлаған.

Сол себептен де ол, егер бір ондықтан, не жүздіктен, мыңдықтан, тіпті бір түмеден, екінші түмеге, мыңдыққа, жүздікке, ондыққа өзі тілеп бір жауынгер ауысар болса, ондай жауынгер өлтірілген. Ал оған ауысуға рұқсат еткен басшы, мейлі ол түме басшысы болса да кісен салынып, қатты жазаға бұйырылған.

Ұлы жиһангердің мұнысы «ағаш бір жерде тұрып өседі, жауынгер бір жасақта жүріп шынығады» дегені еді.

Сондай-ақ Шыңғысхан, соғысқа қосындарын дайындағанда, еш уақытта тойындырып ас бермеген. «Тоқ жүйрік алысқа жарамас, тоқ тазы түлкі алмас. Аш жауынгер ызалы, ашулы келеді. Ашулы жауынгер жауынды аямай, қыра береді» деген.

«Алтын Орда хандары да, жаңа жиһангер Ақсақ Темір де әскерлерін сол Шыңғысхан тәртібімен ұйымдастырған» [10; 235].

Трилогияның үшінші кітабы Алтын Орда билік еткен өңірдегі қазақ жерінде өткен басты-басты оқиғаларды баяндайды: «Тарих өз дөңгелегін айналдыра түскен. Кешегі Алтын Орданың қарамағанда жүрген Жошының бесінші баласын Сыбанның ұрпағы, Ибрагимнен туған Дәулет Шайхтың баласы Әбілқайыр Ібір-Сібірде Махмұдтен Көк Орда хандығын тартып алып атақты Шайбани хандығының негізін салған. Ол енді Ібір-Сібірдің күнгейіне қарай беттеп, Ақсақ Темір мемлекетіне тікелей қауіп тудырған. Осы кезде түрік сұлтаны Екінші Мұрат Каффаны алып, Қырымға билігін жүргізе бастаған.

Ал Алтын Орданың ұлы даласындағы көшпенді елдердің негізгісі қыпшақ пен ноғайлы екі бөлініп, Едігенің ұрпақтары Жаңбыршы, Мұса, олардың балалары Жүсіп, Мамай, немерелері Телағыс, Алшағыр бастаған Ноғайлы ұлысы қыпшақ елін Еділ бойынан Жайыққа дейін қуып тастаған. Ал, сол Едігенің ұрпағы Ер Тарғын, Ер Сайындар қайтадан Қырым жағасына дейін барған. Қыпшақ тайпасы болса енді қазақ елі атанып, қыпшақ оның бір руына айналған.

Тарих дөңгелегі алға қарай жылжи берген. Алтын Орданың ішіндегі бакталастық, бірін-бірі шабу, бірін-бірі құрту енді бұрынғысынан да күшейе түскен. Ақырында, тартылған алып теңізден қалған ойдым-ойдым, үлкенді-кішілі көлдердей, енді Алтын Орданың орнына Қырым, Қазан, Қасым хандықтарымен, Ноғайлы ұлысы, Әбілқайыр Ордасы, қайтадан Мордва, Башқұрт аймақтары пайда болды.

Әбілқайыр ордасынан Қазақ хандығы бөлінді.

Тарих дөңгелегі тоқтауды білмеді...

Тағы да екі жүз жылдай мезгіл өтті. Алтын Орданың негізгі жерінде — Батысы Жайық өзенінен асып жатқан, Шығысы Ертіс өзенінен өтіп кеткен, Күнгей-Батысы Иранға, Күнгей-Шығысы Қытайға жеткен, ал Шығысы сонау көне Ұбайра-Сұбайра Сібір ормандарын аймалаған, ал Теріскей-Шығысы Тобыл мен Тара өзендері құятын Ертістің сағасына дейін шектескен, теріскейі Орал тауының күнгей жағыменен Тобыл өзенінің бас жағына жеткен ұлы далада — Сақ, қыпшақтан тараған, ежелден, адам адам болып жаралғалы, осы араны мекендеген қазақ елі қалды...

Едіге өлгеннен кейін де тағы бес жүз жыл өтті...

Кешегі Алтын Орда тұрған негізгі далада — жаңа Қазақ Республикасы орнады.

Гүл шыққан жерге гүл шықты.

Жоқ, Алтын Орда тікенек еді ғой.

Бәрібір тікенектің орнына да гүл шықты [10; 478, 479].

«Алтын Орда» эпопеясында Тоқтамыстың Алтын Орда тағына отыруы, Қырымның Алтын Ордадан бөлініп жеке хандық құруы, оның тағына Абдолла ханның келуі, Мамайға тиюі, Куликов шайқасы, Тоқтамыстың Руське аттанысы, Мәскеу қаласын өртеуі, Тоқтамыс пен Ақсақ Темір әскерлерінің айқасы, ақыры, Едіге қолынан қаза табуы, Едігенің жорықтары, Мәскеуді қоршауы, Ұлытауда өлтірілуі сияқты оқиғалар бірінен кейін бірі әңгімеленіп отырады. Трилогияда тарихи концепция басым.

Түйін

«Қазақ хандығын» жазғандығынан қатарластары «Мұзжарғыш» атаған І.Есенберлин өзінің бір жазбасында: «Мен көздеген тақырыбымның ішінде жүзіп жүрем ылғи», — депті. Демек, жазушының көкейінде — Кене хан, қиялында — Қазақ хандығы, есінде — Есім хан, қаперінде — Қасым хан, жадында — Жәнібек пен Керей хандар, ділінде — Дешті Қыпшақ, ақыл-ойында — Алтын Орда дәуірі, арманында азаттық болған. Осы тұрғыдан келгенде қазақ әдебиетіндегі мұрты бұзылмай жатқан тарихи тақырыптың алғашқы мұзжарғыш кемесі Ілияс Есенберлин болғанын әсте ұмытпауымыз керек.

«Алмас қылыш» та, «Жанталас» та, «Қаһар» да тарихшылардың айта алмағанын айтып, жаза алмағанын жазып, тарих материалдарын мол қамтығандықтан, жұртшылық назарын аударды. Ұлттық сезімге шөліккеген жандардың сусынын Есенберлин романдары басты. Жалпы, «Көшпенділер» трилогиясы — қазақты тарихпен тәрбиелеген, қазақтың тарихи жадысын өткірлеген, қазақ жастарының санасына «Алаш», «Тәуелсіздік», «Қазақ хандығы», «Қазақ мемлекеті» және тағы басқа тарихи ұғымдарды өшпестей етіп сіңіріп кеткен аса құнды туынды. Бір сөзбен айтқанда, әйгілі жазушы өз тарихи романдарымен қазақ халқының мыңжылдық өмірін бейнелеп, өшпес рухты суреттеп ұлы ерлік, ұлы еңбек жасады. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы кез келген ұлттың мәдени өмірінде бір ғасырда, мүмкін бірнеше ғасырда, бір рет қана дүниеге келетін әрі сирек, әрі ғажайып алып туынды. Сондықтан да бұл еңбек 1980 жылы Ленин атындағы сыйлыққа ұсынылғаны белгілі. Бірақ сол кездегі ең жоғары дәрежелі сыйлыққа өтпей қалды.

Бүкіл ғұмырын елінің сан ғасырлық тұрлаулы-тұрлаусыз тағдырын көрсетуге арнаған қаламгер үшін бұдан ауыр соққы бола ма?

Бақталастар мен қызыл партия сарбаздары Кремльге дейін арыз айдады. Тұрпайы сынның тезіне салып жазушыны атқа теріс мінгізбек болды. Сол уақытта әйдік қаламгердің қандай ауыр айыптауға ұшырағанын мына бір жалған пікір айғақтай түседі: «Есенберлиннің кітаптарын тез шығаратыны сонша, тіпті оқып та үлгере алмайсың. Өз басым, қолтаңбасын жазып, сыйлаған кітаптардың бәрін оқып жүрмін. Есенберлин маған кітабын сыйлаған емес. «Хан Кенені» орыс тілінде оқып шықтым. Кітап біршама жаман жазылмаған. Кенесары — бүкілодақтық масштабта әшкереленген адам. Ол туралы қаулы осы уақытқа дейін бар күшін әлі жойған жоқ. Осыдан кейін мұндай кітаптың қалай жарық көргеніне қайран қаламын. Тарихта екі Кенесары болған жоқ, біреу-ақ болған. Ендеше, Қазақстан ОКП бұл кітаптың шығуына неге рұқсат берді? Кенесарының іс-әрекетіне көзқарас, қатынас біреу-ақ болуы керек. Оның іс-әрекеті Россияға жат, қарсы жүргізілді. Ал, біздің Орталық Комитеттің қолдауымен осындай адам туралы кітап шығып отыр. Жұрт жабылып осы кітапты оқып жатыр. Біраз адамдар, студенттер ұлтшылдық ұрандар көтеріп жүр. Біз хандарды мақтауға неге жол беріп отырмыз? Әрине, ескіні жазуға мен қарсы емеспін, бірақ хандық құрылысты мадақтаудың қаншалық қажеті бар еді? Халықтардың арасын ашып, араздастырған, тарих әшкерелеген осы бір өлікті қайта тірілтудің қаншалық қажеті болды? Бұл кітап жастарға керісінше әсер етіп, ұлтшылдық сезімін өршіте түседі» [11].

Елдегі осындай сыншылардың салқыны тисе керек, КОКП Орталық Комитетінің идеологі А.Яковлев «Против антиисторизма» деген мақаласында «Қаһар» романын Кенесары хан қозғалысын әсіре дәріптеп, мадақтаған себепті ұлтшылдықты қоздырады деген айып тақты. Ал Орталық Комитеттің бас хатшысы Л.И.Брежнев бір алқалы жиында «Қазақстан қайдағы бір Кенесары дегенді тауып алды» деп қатқыл үнмен зілді сес көрсетті.

Міне, осындай алмағайып кезеңде қаймықпай, қаламын қоғамның қажетіне жаратқан қабырғалы қаламгерді қайраткер ғана емес, қаһарман деуге толық негіз бар.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні ретінде қорытындылап айтсақ: Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» және «Алтын Орда» трилогиялары (басқа он бір кітапты есептемей-ақ қойғанда), бізді мындаған жылдық тарихы бар ұлт екенімізді айдан анық дәлелдеп берді. Жазушының осы екі трилогиясын өткенді айта отырып оны қазіргі өмір құбылыстарына байланыстыра білу — көркем

шығарманың эстетикалық өзектілігін арттыратын көркемдік фактор екенін дәлелдейтін, уақыт рухы көрінетін, жаңа концепция әкелген шығармалар деуге болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Жемісті талант // Жұлдыз. — 1975. — № 1. — 209–213-б.
- 2 Елеуенов Ш. Ұлт береке-бірлігінің жалынды жаршысы // Қазақ әдебиеті. — № 1, 2 (3427). — 2015. — 16 қант. — 3-б.
- 3 Ақшолақов Е. Елін сүйген Есенберлин // Жұлдыз. — 2009. — № 11. — 203–208-б.
- 4 Алтысбаев Қ. Тарлан талант тағлымы // Жұлдыз. — 2006. — № 10. — 163–174 б.
- 5 Алтысбаев Қ.І. Есенберлин романындағы тарихи тағылым // Ақиқат. — 2008. — № 12. — 198–205-б.
- 6 Садықов Т. Қазақ хандығы әдет-ғұрып заңының ізгі жүйесін қалыптастырды // Егемен Қазақстан. — 2015. — 18 маус. — 5-б.
- 7 Есенберлин І. Он томдық шығармалар жинағы. — 7-т. — 3-к. — Көшпенделер: Тарихи триология. — Алматы: Жазушы, 1986. — 328 б.
- 8 Ысқақұлы Д. Зобалаң (Е.Бекмахановтың ісі хақында) // Жалын. — 2015. — № 2. — 19–30-б.
- 9 Есенберлин І. Алтын Орда. Бірінші кітап. Тарихи триология. — Алматы: Жазушы, 1982. — 264 б.
- 10 Есенберлин І. Алтын Орда: Тарихи триология. — 2-, 3-к. — Алматы: Жазушы, 1983. — 480 б.
- 11 Қыдырәлі Д. Сенді бұзған семсер сөз // Қазақ әдебиеті. — 2015. — № 4 (3429). — 30 қант. — 7-б.

Р.С.Каренов

Художественное осмысление истории кочевников в произведениях Ильяса Есенберлина

Главное внимание в статье уделяется знаменитым романам Ильяса Есенберлина «Хан Кене» (1969), «Заговоренный меч» (1971) и «Отчаяние» (1973), составившим историческую трилогию «Кочевники», которая описывает события в казахской степи с XV в. до середины XIX в., формирование казахского народа, сложные взаимоотношения с Джунгарией, Китаем, Хивой, Бухарой, Российской империей. Подчеркивается, что после издания «Кочевников» в Казахстане трилогия стала достоянием всесоюзной аудитории. Отмечается, что в начале 80-х годов И.Есенберлин пишет трилогию «Золотая Орда», повествующую об истоках казахской нации. Автор делает вывод, что блестящий мастер пера опередил профессиональных историков Казахстана в целостной и объективной исторической картине Казахской степи, и его оценка многих исторических событий и личностей, несмотря на железную хватку советской идеологии, оказалась авторитетной, значимой.

R.S.Karenov

Artistic interpretation of the history of the nomads in the works of Elias Esenberlin

The main attention is paid to the well-known novels of Ilyas Esenberlin «Khan Ken» (1969), «The exorcized sword» (1971) and «Despair» (1973), made the historical trilogy «Nomads» covering events in the Kazakh Steppe since XV on the middle of H_H centuries. Formation of the Kazakh people, difficult relationship with Dzungaria, China, Khiva, Bukhara, the Russian Empire are described. It is emphasized that after the edition of «Nomads» in Kazakhstan the trilogy became property of All-Union audience. It is noted that in the early eighties I.Esenberlin writes the trilogy «Golden Horde», sostayavshchy of three novels and narrating about sources of the Kazakh nation. The conclusion is drawn that the brilliant master of a feather was ahead of professional historians of Kazakhstan in a complete and objective historical picture of the Kazakh Steppe, and its assessment of many historic figures and events, despite a grip of steel of the Soviet ideology, was authoritative.

References

- 1 Zhuldyz, 1975, 1, p. 209–213.
- 2 Eleukenov Sh. *Kazakh literature*, 2015, January, 16, 1–2 (3427), p. 3.
- 3 Aksholakov E. *Zhuldyz*, 2009, 11, p. 203–208.
- 4 Alpysbayev K. *Zhuldyz*, 2006, 10, p. 163–174.
- 5 Alpysbayev K. *Akikat*, 2008, 12, p. 198–205.
- 6 Sadykov T. *Egemen Kazakhstan*, 2015, June, 18, p. 5.

- 7 Esenberlin I. *Collected works in ten volumes, Nomads: Historical trilogiya*, Almaty: Zhazushy, 1986, p. 155.
- 8 Iskakuly D. *Zhalyn*, 2015, 2, p. 19–30.
- 9 Esenberlin I. *Golden Horde. First book. Historical trilogiya*, Almaty: Zhazushy, 1982, p. 256.
- 10 Esenberlin I. *Golden Horde: Historical trilogiya. Second and third books*, Almaty: Zhazushy, 1983, p. 480.
- 11 Кудуралы Д. *Kazakhskaya literatura*, 4 (3429), 2015, January, 30, p. 7.

Репозиторий КарГУ